

Қ. Н. Абуғалиев, Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Кәмелетке толмағандарға қатысты азғындық әрекеттер үшін жауаптылық мәселелері

Аннотация. Қылмыстық құқық теориясында азғындық әрекеттердің мазмұнына қатысты ұзақ уақыт бойы даулы пікірлер жүрді. Кей авторлар азғындық әрекеттерге кәмелетке толмағанның қатысуымен жасалған қимыл сипатындағы әрекеттерді жатқызса, енді біреулері оны тіптен шектеп тастады. Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабында көзделген құрамның объективтік жағы жәбірленушіге қатысты азғындық әрекеттерді жүзеге асырудан тұрады. Азғындық әрекеттердің іс жүзіндегі мазмұны әртүрлі сипатты иеленеді. Мақалада азғындық әрекеттердің ұғымы, оның объективтік және субъективтік жақтары ашылып айтылған. Автор сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығы мен жыныстық бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға баса назар аударған. Сонымен қатар оның Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі реттелуі қарастырылған.

Түйін сөздер: жыныстық қатынас, азғындық әрекеттер, педофиль, кәмелетке толмағандар, қылмыс объектісі, қылмыс субъектісі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарға қатысты күш қолданбай азғындық әрекеттер жасағаны үшін жауаптылықты көздейтін 124-бап «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» бекітілген.

Кодексте соншалықты азғындық әрекеттер ашылып айтылмай, тек күш қолданылмайтыны жайлы тұжырымдалғандықтан, аталған қылмыстың мән-жайын жете түсіну үшін ғылыми зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Ол үшін әуелі «азғындық» сөзінің тілдегі мағынасына тоқталайық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «азғындық» сөзі — «теріс жолға түсіп, бұзылғандық» дегенді білдіреді [1].

Ал, С. И. Ожегов пен Н. Ю. Шведованың анықтауынша: «Азғындық — жыныстық ұятсыздық. Азғындату — азғындыққа үйрету». Ендеше, азғындық әрекеттер — бұл сексуалдық қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған өнегесіз әрекеттер [2].

Әдебиеттерде бұл әрекеттер бірдей сипатталады да, авторлар мұнда оны негізінен кінәлінің мақсатымен, қалауымен, ниетімен байланыстырады.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабында көзделген құрамның объективтік жағы жәбірленушіге қатысты азғындық әрекеттерді жүзеге асырудан тұрады. Азғындық әрекеттердің іс жүзіндегі мазмұны әртүрлі сипатты иеленеді.

Бұл әрекеттердің жалпы белгілері кінәлі өзінің жыныстық құмарлығын қанағаттандыруға не болмаса жәбірленуші адамның жыныстық әуестігін қоздыруға немесе жыныстық құмарлығын қанағаттандыруға бағытталады.

Қылмыстық құқық теориясында азғындық әрекеттердің мазмұнына қатысты ұзақ уақыт бойы даулы пікірлер жүрді. Кей авторлар азғындық әрекеттерге кәмелетке толмағанның қатысуымен жасалған қимыл сипатындағы әрекеттерді жатқызса, енді біреулері оны тіптен шектеп тастады.

Дегенмен, қазір азғындық әрекеттер дене, әрі интелектілік сипаттан болатыны жалпыға аян. Дене сипатындағы азғындық әрекеттерге мысал келтіретін болсақ: жәбірленушінің жыныс мүшелерін жалаңаштап, қолымен немесе жыныс мүшесімен тітіркендіру, маструбация, жәбірленушінің көзінше үшінші адаммен сексуалдық сипаттағы әрекеттерді жасау (жыныстық қатынас, еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауы), өз жыныс мүшелерін көрсету және т. б.

Интеллектілік сипаттағы азғындық әрекеттерге жәбірленуші адамның психикасына ақпараттық түрде әсер ететін ашық әңгімелесу, эротикалық және порнографиялық суреттерді не бейнежазбаларды көрсету, жәбірленушіні үшінші адаммен жыныстық қатынасқа түсуге азғыру сияқты амалдар жатады.

Сайып келгенде, азғындық әрекеттерді төмендегідей түрде саралауға болады:

- кінәлінің жәбірленушіге қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекетті жасауы;
- жәбірленушіні кінәліге қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекетті жасауға бейімдеу немесе мәжбүрлеу;
- жәбірленушінің көзіне сексуалдық сипаттағы іс-әрекетті жасау (жыныстық қатынасқа түсу);
- жәбірленушілерді бір-бірімен сексуалдық сипаттағы іс-әрекетті жасауға бейімдеу немесе мәжбүрлеу.

Ал, төмендегідей ерекшеліктері бар әрекеттерді азғындық деп тануға болады:

- нақты сексуалдық сипатты иеленеді;
- жыныстық қатынасқа түсу не еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасқа түсуі болып табылмайды;
- 16 жасқа толмаған және жыныстық жетілмеген адамға қатысты жасалады;
- өзінің объективтік сипаттамасы жағынан жәбірленушінің жыныстық қатынасқа деген қызығушылығын оятады немесе күшейтеді.

Құрамы формальді болып келетін ҚК 124-бабы бойынша іс-әрекетті саралау үшін кәмелетке толмаған жәбірленуші үшін қандай да бір теріс зардаптардың болуы талап етілмейді. Іс-әрекет азғындық әрекеттердің басталу сәтінен аяқталған болып саналады.

Көрсету сипатындағы азғындық әрекеттің және бір түрі — жәбірленушінің көзінше гомосексуалдық қатынас жасауды да айтпай кетпесе болмайды. Бұл осы әрекетке барғандардың өз араларында азғындық бола тұрып, оны көріп отырған жәбірленушіні де азғындыққа итермелейтіні де айқын. Мұны ауызша, визуалды, аудиалды, яғни жәбірленушімен дене байланысынсыз түрде жүзеге асырылатын азғындық әрекеттер жиынтығы ретінде қарастыру керек.

Шындығында педофиль-гомосексуалдар «мен сияқты істе» деген сияқты азғындық әрекетке ұласатын перверсивті қылмыстарды жасайды. Азғындық гомосексуалдық әрекеттің бұл түрі өте кең таралған. Көбінесе, азғындық әрекетті жасағаннан кейін педофиль біраз уақыттан соң күш қолданбай гомосексуалдық қатынасқа көшеді. Бұл жердегі қауіп — педофиль-гомосексуал азғындатқан бала тура солай гомосексуалдық өмір салтын таңдауы ғажап емес.

Педофилия психикалық ауру емес, ал вуайеризм мен эксгибиционизм психосексуалдық ауытқушылық қатарына енеді. Вуайеризммен зардап шегетін педофильдер, әдетте, балалардың денесін, жыныс мүшелерін көруге бағытталған әрекеттерді жасайды.

Вуайерист-педофильдер жәбірленушінің жыныс органдарын көру жолымен азғындық әрекеттер жасайды. Олар балаларға шешіне отырып, қозғалыстар жасау, билеу сияқты қимыл сипатындағы әрекеттерді жасатады.

Ал, педофиль-эксгибиционистер өз жыныс органдарын көрсету арқылы азғындық әрекеттерге барады. Яғни олардың жыныс мүшелеріне балалардың қарағанынан олар сексуалдық ләззат алады.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабы бойынша саралау үшін азғындық әрекеттер зорлық-зомбылық көрсетілмей, яғни ерікті түрде жүзеге асуы керек. Бұл ретте Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабында көзделген қылмыстың объективтік жағы жас баламен жыныстық қатынасқа түсуді қамтымайды.

Қылмыстың бұл құрамы үшін адамның жыныстық жетілгендігі, онда сексуалдық тәжірибенің болуы, оның жыныстық өмірдің дәмін татқандығы маңызды емес.

Объективтік жағының құрылымы бойынша құрам формальді болып табылады, яғни азғындық әрекеттерді жасау сәтінен бастап қылмыс аяқталған болып саналады. Мұнда кінәлінің жәбірленушіге азғындықты жасаған-жасамағандығының мәні жоқ.

Бұл қылмыстың **субъектісі** 16 жасқа толған еркек, әрі әйел адам болады.

Қарастырылып отырған қылмыстың **субъективтік жағы** тікелей пиғылмен сипатталады. Кінәлі адам 14 жасқа толмаған адамға азғындық әрекет жасап жатқанын біледі және сол әрекеттерді жасауды қалайды. Бұл қылмыстың себептерінің ішінде сексуалдық, әрі басқа да ниеттер орын алады.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабының 2-бөлігінде *жас балаға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған* әрекеттерге жауаптылық көзделген.

Демек, Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабының 2-бөлігінде қылмыстың субъектісі ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адамдар (асырап алушылар, жанашырлары және т. б.) болып табылады.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабының 3-бөлігінде *бірнеше рет жасалған* іс-әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Бұл саралау белгісі бойынша жауаптылыққа заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған не болмаса ешқайсысы үшін сотталмаған Қазақстан Республикасы ҚК 124-бабында көзделген екі немесе одан да көп әрекет жасаған адам жатады [3].

Жас балаға қатысты аз уақыт ішінде бірнеше әрекет жасау бірнеше реттік белгісін құрамайды. Егер кінәлі адам бірыңғай пиғылмен әрекет етсе, қылмысты жалғастырылған ретінде қарастыру керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-б. 1,2-бөліктерінде көзделген әрекет ауыр қылмыстар санатына жатады.

Қазақстан Республикасы ҚК 124-б. 3-бөлігінде көзделген әрекет аса ауыр қылмыстар санатына жатады.

Жоғарыдағы аталған азғындық әрекеттер түрлеріне тоқталатын болсақ, олар алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен де жүзеге асырылуы жоққа шығарылмайды. Мысал келтіретін болсақ, Ақтөбе облысы ІД-ге Р. Каюмов пен С. Тіленовтің 2016 жылғы мамыр айынан 2017 жылғы маусым айы аралығында жас балалар В. Абдул-Магамедиян мен В. Кандыбаға қатысты бірнеше рет сексуалдық сипаттағы зорлау әрекеті фактісі тіркелді.

2017 жылғы 22 қарашада Ақтөбе облысы қылмыстық істер бойынша мамандандырылған ауданаралық соты Р. Каюмов пен С. Тіленовтің әрекеттерін ҚК 124-бабының 2-бөлігіне қайта саралады да, олардың әрқайсысы белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды [4]. Бұл жерде алдын ала сөз байласуы, топтасуы деген сияқты саралау белгілері сырт қалып отыр.

Ал, қазіргі кодексіміздің 124-бабында байқап отырғанымыздай, бұған қатысты саралаушы белгі қарастырылмаған. Осыған орай, ҚК 124-баптың 3-бөлігінің диспозициясына төмендегідей өзгерту мен толықтыру енгізуді жөн санаймыз:

– осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген бірнеше рет жасалған және алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаған іс-әрекеттер — белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрывается понятие развратных действий и его объективные и субъективные стороны, акцентируется внимание на уголовные правонарушения половой неприкосновенности и половой свободы несовершеннолетних, рассматривается его регламентация в Уголовном кодексе Республики Казахстан.

RESUME

In the article a concept is exposed debauch action and his objective and subjective parties. An author also accents attention on criminal offences of sexual inviolability and of sexual freedom minor. In addition, his regulation is examined in the Criminal code of Republic of Kazakhstan.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы, 2008. — Б. 968.
2. Интернет-ресурс: <http://ozhegov.org>
3. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы: Оқу құралы: Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 146-148-бб.
4. 2017 жылғы кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстық істердің тергеп-тексерілу жағдайына шолу.